

"Каспий Құбыр Консорциумы-Қ" акционерлік қоғамына Атырау облысы Атырау қаласы Жылдый, Мақат және Махамбет аудандары аумағында "Теніз-Новороссийск" магистральдық мұнай құбырының 130,3-217,2(116-204) км участкесіндегі желілік бөлігін орналастыру және пайдалану үшін қауымдық сервитут белгілеу туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 7 тамыздағы № 247 қаулысы.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 16, 32, 37, 43, 69, 118-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27, 37-баптарына және Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 22 маусымдағы "Магистральдық құбыр туралы" Заңының 13-бабына сәйкес Атырау облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес "Каспий Құбыр Консорциумы-Қ" АҚ-на (бұдан әрі – "КҚҚ-Қ" АҚ) жер участкелерін алып қоймай-ақ, Атырау облысы Атырау қаласы Жылдый, Мақат және Махамбет аудандары аумағындағы "Теніз-Новороссийск" магистральдық мұнай құбырының 130,3-217,2(116-204) км участкесіндегі желілік бөлігін орналастыру және пайдалану үшін жалпы көлемі 870,2493 гектар жер участкесіне 49 жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "КҚҚ-Қ" АҚ:

1) уақытша өтеулі жер пайдалану құқығының мерзімі аяқталғанға дейін бұлінген жерді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуі қамтамасыз етсін;

2) келісім бойынша жер участкелерінің меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға шығын келтірген жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келтірілген шығындардың орнын толтырысын.

2-1. "Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатанастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындастын "Каспий Құбыр Консорциумы-Қ" акционерлік қоғамының "Теніз-Новороссийск" магистральдық мұнай құбырының желілік бөлігін орналастыру және пайдалану үшін жер участкелеріне белгіленген қауымдық сервитутқа байланысты заң талаптарына сәйкес қажетті шараларды қабылдасын.

Ескерту. Қаулы 2-1 тармақпен толықтырылды - Атырау облысы әкімдігінің 09.06.2025 № 114 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес "Теніз-Новороссийск" магистральдық мұнай құбырының қауымдық сервитут белгіленген жер участкелерін пайдалану тәртібі бекітілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары Ф.И. Дүйсембаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі

Облыс әкімі

Б. Измұхамбетов

Атырау облысы әкімдігінің

2015 жылғы 7 тамыздағы

№ 247 қаулысына 1-қосымша

"Каспий Құбыр Консорциумы-Қ" АҚ-на "Теніз-Новороссийк" магистральдық мұнай құбырының желілік бөлігін орналастыру және пайдалану үшін қауымдық сервитут белгіленетін жер участекінің экспликациясы

Орналасуы	Ұзындығы, м	Белгіленетін қауымдық серветут ені, м	Белгіленетін қауымдық серветут алаңы, га
Жылзой ауданы 130,3-145,8 (116-131,5) км	15 457	100,0	154,5521
Мақат ауданы 145,8-173,5 км (131,5-159,2) км	27 722	100,0	277,5531
Атырау қ. 173,5-208,4 км (159,2-194,4)	35 067	100,0	350,6731
Махамбет ауданы 208,5-217,2 (194,4-204)	8 746	100,0	87,4710
Барлығы:	86992	100,0	870,2493

Атырау облысы әкімдігінің

2015 жылғы 7 тамыздағы

№ 247 қаулысына 2-қосымша

Магистральдық мұнай құбырының қауымдық сервитут белгіленген жер участеклерін пайдалану тәртібі

1.1. Құбырлардың зақымдану ықтималдығын болғызбау үшін (олар қандай да болмасын) қорғау аймақтары:

мұнай, табиғи газ, мұнай өнімдерін, мұнай және жасанды көмірсутек газдарын тасымалдайтын магистральдық құбырлар желілерінің бойында жер телімі бойында – құбыр осінің әр жағынан 50 метр жерден өтетін шартты сзықтармен шектелген жер участекі түрінде белгіленеді.

1.2. Міндетті түрде осы Ережелерді сақтаған кезде қорғау аймағына кіретін жер телімдері жер пайдаланушылардан алынбайды және олармен ауыл шаруашылығына және басқа да шаруаға қолданылады.

1.3 Құбырлардың қорғау аймақтарында құбырларға зиян келтіретін немесе қалыпты пайдаланудың салдарынан бұзылуына әкелетін іс-әрекеттер жасауға тыйым салынады, соның ішінде:

а) бақылау-өлшеу пункттерін дабылдық және айыру белгілерін сыйндыруға, көмуге және ауыстыруға;

б) кабельдік байланыстың қызмет көрсетілмейтін күшейткіш пункттерінің қақпақтарын, қақпаларын және есіктерін, катодтық және дренаждық қорғау станциялары қоршауларын, желілік және қарау құдықтарын және басқа да желілік құрылғыларын ашуға, ысырмаларды ашып-жабуға, құбырлардың байланыс, энергиямен қамту және телемеханика құралдарын өшіріп-қосуға;

в) қоқыс тастайтын жерлерді жайластыруға, қышқылдар, тұздар және сілтілер ерітіндісін төгуге;

г) газ құбырларын бұзылудан қорғайтын, ал іргелес аумақтар мен қоршаған жерлерді тасымалданатын өнімнің авариялық төгілуінен қорғайтын жағалау бекіту имараттарын, су өткізу құрылғыларын жер және өзге де имараттарды (құрылғыларды) бұзуға;

д) зәкір тастауға, жіберілген зәкірлер, шынжырлар, лоттар, сұйретпелер және тралдармен өтуге, жер қазу және түптерендету жұмыстарын жасауға;

е) от жағуға және қандайда болмасын ашық және жабық от көздерін орналастыруға;

1.4. Құбырлардың қорғау аймақтарында құбыр транспорт кәсіпорнының жазбаша рұқсатынсыз мыналарға:

а) қандай да бір құрылыштар мен имараттарды салуға;

б) барлық түрлі ағаш және бұталарды отырғызуға, жемдерді, тыңайтқыштар, материалдарды, пішен және сабанды жинап қоюға, белдеулерді орналастыруға, мал ұстауға, балық кәсіпшілігіне арналған участеклерді бөлуге, балық, сондай-ақ су жануарларын және өсімдіктерін аулауды жүргізуға, суаттарды жайғастыруға, мұзды ою және дайындауға;

в) құбырлардың трассасы арқылы өткел және өтіс жолдарын салуға, автомобиль көлігі мен тракторлар және механиздердің тұрақтарын жасауға, бау-бақшаларды және егінді орналастыруға;

г) мелиоративтік жер жұмыстарын жүргізуға, суландыру және жер құрғату жүйелерін салуға;

д) ашық және көтерме, тау-кен, құрылыш, құрастыру және жарылғыш жұмыстарды, топырақты тегістеуді жүргізу;

құбырлардың қорғау аймағында жарылғыш жұмыстарды жасауға жазбаша рұқсат осы жұмыстарды жасайтын кәсіпорынның, қолданыстағы "Жарылғыш жұмыстарды жүргізгенде бірінғай қауіпсіздік ережелерін" көзделген тиісті материалдарды ұсынғаннан кейінғанда беріледі;

е) ұнғымаларды, шурфтарды орналастыруына және топырақ сынамаларын (жер үлгілерінен басқа) алуына байланысты геологиялық түсірілім, геологиялық барлау, іздестіру, геодезиялық және басқа да іздеу жұмыстарын жасауға тыйым салынады;

құбырлардың қорғау аймақтарында жұмыс жасауға жазбаша рұқсат алған кәсіпорындар және үйымдар құбырлардың және айыру белгілерін сақталуын қамтамасыз ететін шарттарды сақтап орындауға міндettі және соңғылардың бүлінгені үшін жауапты болады.

1.5. Құбыр транспортты кәсіпорындарына мыналарға:

а) құбырға және оның объектілеріне қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін автомобиль көлігі мен басқа да құралдардың, жер пайдаланушымен келісілген өткел схемасына сәйкес кіруіне рұқсат етіледі.

Апatty жағдайларда апatty жойып, артынан жер иелеріне келтірілген шығындарды рәсімдеу, төлеу, техниканы және материалдарды жеткізуді қамтамасыз ететін бағдар бойынша құбырға және ондағы құрылғыларға кіруіне рұқсат етіледі.

Егер де құбырлар тыйым салынған аймақ және арнайы объектілер аумағы бойынша өтетін болса, онда тиісті үйымдар құбырларға қызмет көрсететін жұмысшыларға тәуліктің кез келген уақытында қарау және жөндеу жұмыстарын жасауға рұқсат қағаз беруге міндettі;

б) шурфтар үшін қорғау аймағы шегіндегі, құбырларды оқшаулау сапасын тексеру үшін және олардың тottанудан электрохимиялық қорғау құралдарының жағдайын, жабдықтау және алдынала жер пайдаланушиға хабарлана отырып құбырлардың қалыпты пайдалануы үшін қажетті баска да жер жұмыстарын жүргізу (жұмыстар басталғанға дейін 5 тәуліктен кеш емес).

в) орман алқаптары арқылы өтетін құбырларда апат болған жағдайда, ағаштарды кесіп алу, кейіннен белгіленген тәртіппен ағаш кесу билетін рәсімдеп, кесілген ағаш қалдықтарынан жерді тазарту.

Қажет болған жағдайда құбыр транспортты кәсіпорнына құбырды пайдалану кезінде қорғау аймақтарында жалпы негізде ағаш кесу билетін рәсімдеп, ағаш кесу жұмыстарын жүргізуге болады. Кесіліп алынған ағашты көрсетілген кәсіпорындар пайдаланады.